

FTAXP 06.71.07

ӘОЖ 332.1

JEL Д61, G38

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-1-168-180>

ЖЕНСХАН Д.,*¹

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

МУСАЕВА М.А.,¹

Э.Ғ.К., аға ғылыми қызметкер.

e-mail: m.a.mussayeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-3301-8736

САБЫРОВА М.Е.,¹

Э.Ғ.К., аға оқытушы.

e-mail: madina.sabyrova@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-7102-5158

АЛИМЖАНОВА Г.Д.,¹

Э.Ғ.М., аға оқытушы.

e-mail: agd_85@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7039-9884

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІ: ДАМУ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕТІКТЕРІ

Андатпа

Әлем бойынша агрозық-түлік секторындағы проблемаларды реттеу, аштық пен дұрыс тамақтанбау мәселесін шешу, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайтау және мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке ықпал ету секілді бірқатар шаралардың нәтижелі болуында ауыл шаруашылығы кооперативтері (бұдан ары қарай – АШК) маңызды рөл атқарады. Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы АШК-нің қазіргі даму жағдайына кешенді талдау жасау арқылы негізгі проблемаларын анықтау және реттеу тетіктерін ұсыну. Мақалада Республика өңірлеріндегі АШК-нің саны, мүшелерінің құрамы және олардың динамикалық өзгерістері, ондағы жұмыспен қамтылған қызметкерлер санына талдау жасалды. АШК-нің даму жағдайын сапалық тұрғыда зерделеу мақсатында ауыл тұрғындарының оған бірігу уәждемесі мен белсенділігін анықтауға негізделген сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде АШК-нің дамуын тежейтін бірқатар проблемалар анықталды, олар: АШК-ін қолдау бағдарламалары аясында көрсетілген шарттардың жиі өзгеруі, АШК-і мүшелері арасындағы табысты бөлу кезіндегі мәселелер, өзара сенімсіздік, шаруа немесе фермер қожалықтарының, үй шаруашылықтарының АШК-не бірігуге ынтасының болмауы, аграрлық білім, кеңес беру қызметтеріне қолжетімділіктің болмауы, өнімді өткізу кезінде өңдеушілер мен шағын фермерлер арасындағы тиімді интеграцияның болмауы, кооператив басшылары мен мамандарының кәсіби даярлықтарының жеткіліксіздігі және т.б. Зерттеуді қорытындылай келе, елімізде мамандандырылған АШК-ін, оның ішінде: техникалық қамтамасыз ету, қайта өңдеу, маркетинг, жеткізу, қызмет көрсету секілді бағыттарын дамыту, АШК-ін сақтандыру және салық жеңілдіктерін жасау, кооператив басшылары мен мамандарының кәсіби деңгейін арттыру, шаруашылықтың басқа нысандарымен салыстырғанда АШК-не субсидиялау шарттары бойынша басымдылық беру қажет екендігі көрсетілді.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы кооперативтері, ауыл тұрғындары, шаруа немесе фермер қожалықтары, үй шаруашылықтары, уәждеме, бірігу белсенділігі, субсидия.

Кіріспе

Дамушы елдердегі агрозық-түлік секторына – жаһандану, жоғары құнды нарыққа көшу, шағын фермерлердің маргиналдандыруы және институционалдық өзгерістер әсер етті [1]. Біріккен

Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО) бұл мәселелерді шешуде АШК маңызды рөл атқаратынын көрсетті, атап айтқанда ол: агроазық-түлік секторындағы проблемаларды реттеу, аштық пен дұрыс тамақтанбауға қарсы күресті шешу, биліктің асимметриясын азайту, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, аумақтық басқаруды нығайту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке ықпал ететудің маңызды тетігі деп санайды [2]. Себебі, әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі және тамақтанудың (SOFI) 2023 ж. 9,1%-ды құрады және бұл үш жыл қатарынан тұрақты деңгейде сақталып келеді [3]. Бұл деректер аштықпен күресудің тиімді және тұрақты шешімдерін табудың өзектілігін қажет етеді. Осыған орай, ФАО 2024 жылдың шілде айында «Кооперативтер: аштықты жоюдың және тұрақты болашақты құрудың негізгі факторы» тақырыбында мақала жариялады. Сонымен қатар, кооперативтерінің әлеуметтік экономика мен ынтымақтастық экономиканы дамыту және ерікті ынтымақтастық, өзара көмек, демократиялық және бірлескен басқаруға ықпалы мойындалған [2]. Осылайша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2024 жылдың 20 маусымында 2025 жылды «Кооперативтердің Халықаралық жылы» деп жариялады. Кооперативтер 2030 жылға қарай Тұрақты Даму Мақсаттарына қол жеткізудегі прогресті жеделдету үшін инновациялық жағынан маңызды үлес қосады деп көрсетілген [4]. Мақалада АШК-нің аталған проблеманы шешудегі рөлі көрсетілген.

Қазақстан дамыған мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, аталған проблемаларды кешенді шешу мақсатында 2015 ж. 29 қазанда «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заң қабылдады. Бұл заң кооператив мүшелерінің құқықтық жағдайын, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ кооперативтер мен олардың қауымдастықтарын (одақтарын) құру, қызмет ету, қайта құру және тарату тәртібін анықтайды [5].

Заңның негізгі мақсаттары:

- 1) кооператив мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың мүдделерін қорғау;
- 2) кооператив мүшелерінің кірістерін арттыру;
- 3) ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, қайта өңдеу, өткізу, сақтау, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау салаларында бәсекелестік ортаны құру;
- 4) инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушіден тұтынушыға тікелей беруді қамтамасыз ету;
- 5) кооператив мүшелерінің қажетті ресурстарды тиімді шарттар бойынша сатып алуына жәрдемдесу және өздерінің өндірістік және өзге де шаруашылық қызметін қаржыландыруға қол жеткізе алу болып табылады.

Үкімет АШК дамытуды қолдау үшін қаржылық және құқықтық реттеу тұрғысынан бірқатар маңызды шаралар жүргізді. АШК-нің ауыл тұрғындарының табысын арттырудағы және ауылдық аймақтарды дамытудағы маңызын бірқатар стратегиялық құжаттарда көрсетті, атап айтқанда: ҚР-ның ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жж. арналған тұжырымдамасы [6]; ҚР-ның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2030 жж. арналған тұжырымдамасы [7]; ҚР-ның Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту жөніндегі 2024–2028 жж. арналған кешенді жоспары [8] және т.б. АШК-ін дамыту мақсатында әзірленген заң жобалары мен бірқатар бағдарламаларының болуына қарамастан еліміздегі бұл сектордың дамуы өте баяу.

2024 жылдың тамыз айында Қазақстан Халық банкінің деректері бойынша еліміздегі АШК-нің саны кейбір дамыған елдерден көп, бірақ ауыл шаруашылығы өндірушілерінің (АШТӨ) жалпы санындағы АШК-і мүшелерінің үлесі өте төмен. АШТӨ-нің құрамындағы АШК-і небәрі 2%-ды құрайды. Еуропа мен АҚШ елдерінде бұл көрсеткіш 90%-дан асады [9]. Бұл мемлекеттердегі АШК нақты бір бағытқа маманданған, атап айтқанда: сервистік, маркетингтік, қайта өңдеу, жеткізу. Өкінішке орай, Қазақстанда АШК-нің мұндай түрлері дамымаған. АШК-нің ішінде ең жиі кездесетін түрлеріне өндірістік және тұтыну кооперативтері жатады және олардың жетекшілері бір мезгілде бірнеше функцияларды атқарады, атап айтқанда: АШК-ін құру бойынша құжаттарды рәсімдеу, мүшелерінің алдындағы міндеттерді атқару, өндіріс үшін қаржы көздерін тарту, өнімді жинау, сақтау, ірі нарықтарға жылжыту және т.б. Мұндай жағдай АШК жетекшілерінің жұмысын күрделендіреді және оған жетекші болуға ынта тудырмайды. Осылайша шағын ауыл шаруашылық нысандары, үй шаруашылықтары, дара кәсіпкерлер және

шаруа (фермерлік) қожалықтар АШК-не бірігуге немесе АШК-нің жетекшісі ретінде тіркелуге ынталы емес.

Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы АШК-нің ағымдағы даму жағдайына кешенді талдау жасай отырып, оның дамуындағы мәселелерді анықтау және ол проблемаларды шешудің жолдарын ұсыну. Аталған мақсатқа жету жолында келесідей міндеттер алға қойылды:

- ♦ Республика өңірлеріндегі АШК-нің саны бойынша динамикалық өзгерістерді және оның құрамындағы мүшелерінің құрамын зерделеу;
- ♦ АШК-нің ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудағы үлесін бағалау, яғни АШК-де жұмыспен қамтылған қызметкерлер санына талдау жасау;
- ♦ АШК-нің даму жағдайын сапалық тұрғыда зерделеу үшін сауалнама жүргізу, атап айтқанда: үй шаруашылықтары, дара кәсіпкерлер және шаруа (фермерлік) қожалықтарының АШК-не бірігу уәждемесі мен белсенділігін анықтау және АШК-нің дамуындағы кедергілер мен ынталандырушы факторларды зерделеу мақсатында сауалнама жүргізу.

Материалдар мен әдістер

Мақалада БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының деректері, АШК дамыту мақсатында әзірленген заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар, АШК бойынша зерттеу жүргізген отандық және шетелдік зерттеуші мамандардың ғылыми еңбектері, монографиялар, ғылыми зерттелімдердің қорытындылары. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері және зерттеу жүргізген өңірлер бойынша сауалнама нәтижелері ақпараттық база ретінде қолданылды.

Зерттеу жұмысында авторлар еліміздегі АШК-нің даму жағдайын тереңірек зерделеу үшін аналитикалық, статистикалық, динамикалық, максималды-минималды таңдау, кейс-стади, сауалнама әдістерін қолданды. Республика және оның өңірлеріндегі АШК-нің санын, мүшелерінің құрамын және ондағы динамикалық өзгерістерді, АШК бойынша жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесіне талдау кезінде аналитикалық, статистикалық және динамикалық әдістер қолданылды. Қазақстанның өңірлік ерекшеліктері мен ауыл тұрғындарының үлесін ескере отырып, АШК-нің шоғырлану деңгейіне талдау жасау үшін максималды және минималды таңдау әдісі қолданылды. Зерттеу барысындағы айнымалылар арасындағы байланысты, дәлірек сипаттау үшін кейс-стади әдісі қолданылды. Сандық деректері аясында алынған нәтижелерді толықтыру және ауыл тұрғындарының АШК-не бірігу мәселелеріндегі уәждемесі мен белсенділігіне әсер ететін факторларды талдау үшін сауалнама әдісі қолданылды.

АШК-нің ел экономикасындағы маңызы мен рөлі туралы деректер бірқатар отандық және шет елдік әдебиеттерде және мемлекеттің стратегиялық құжаттарында көрсетіліп келеді. Кейбір шетелдік зерттеушілер АШК-нің маңызын: ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуды нығайту, фермерлердің күнкөрісін жақсарту және ауылдық аймақтардағы тұрақты экономикалық өсімді сақтауда маңызды деп санайды [10]. Сонымен қатар, АШК ауыл шаруашылығының құн тізбегінде стратегиялық рөл атқарады, атап айтқанда: техникалық қамтамасыз ету, қайта өңдеу, маркетинг, жеткізу, жинау және бөлшек сауда [11]. Ұйым өндірушілерге арзан ресурстарға қол жеткізуге көмектесе алады (транзакция құны төмен), өйткені фермерлерге сатып алу қабілетін біріктіруге және жаппай сатып алуға кеңес береді. Сонымен қатар, олар электр энергиясының теңгерімсіздігін жеңілдету және шағын фермерлер үшін ауқымды үнемдеу мүмкіндіктерін көрсетті. Осылайша әлем елдерінде АШК әр түрлі формада ұйымдастырылды және тез өзгеретін, нарықтық ортада жиі кедесетін мәселелерді жедел шешу мақсатында жұмыс істеп тұрған кооперативтер әрі қарай дамыды [12].


Әр мемлекет ауыл шаруашылығын басқарудың ерекшеліктерін ескере отырып, АШК-нің ұйымдық формаларын көрсететін нормативтік-құқықтық актілерді жетілдірілді. ФАО 2023–2032 жж. арналған ауыл шаруашылығының даму болжамында АШК-ін ауыл тұрғындарының табысын арттырудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырды [13].

Қазақстанның АӨК-і ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі өндірушісі ғана емес, еңбекке қабілетті жұмысшылардың айтарлықтай үлесі шоғырланған ірі сектор. 2024 жылдың тамыз айындағы мәліметтер бойынша Республика бойынша жалпы жұмыс күшінің (9641,4 мың адам) 37,5% немесе 3610,8 мың адам ауылдық жерде шоғырланған. Статистикалық ақпарат-

тарды негізге алатын болсақ, олардың 95,3%-ы жұмыспен қамтылған. Дегенмен, ауыл шаруашылығындағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың үлесі (33,7%) өте жоғары [14]. Демек, ауыл шаруашылығы салаларының (мал және өсімдік шаруашылығы) басым бөлігі өнімділігі төмен шағын фермерлік қожалықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтарға тиесілі деген сөз [15]. Дамыған елдер тәжірибесінде мұндай шағын ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өңделген өнімдерден гөрі шикізат өнімдерін сатуға бейім екенін және олардың заманауи нарыққа енуде кедергілердің жоғары екені дәлелденген [16].

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстанда ауыл шаруашылығының шағын нысандары – жеке қосалқы шаруашылықтар, фермерлік қожалықтар және шағын агроөнеркәсіптік кәсіпорындар – ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың ауыл шаруашылығы кооперативтеріне бірігуі елдегі аграрлық секторды дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Шағын шаруашылықтардың кооперативтерге бірігу қарқынының өсуі байқалады, бірақ бұл процесс баяу және көптеген аймақтарда тиісті деңгейде жүзеге аспай келеді. 2023 жылдың соңындағы деректерді ескеретін болсақ, Қазақстанда 1,9 млн-нан астам АШТӨ жұмыс жасады. Яғни, жұмыс істеп тұрған АШТӨ-нің тек 2%-ы АШК-нің мүшесі болып табылады [9]. АШТӨ-нің басым бөлігін шағын шаруашылық нысандар құрайды. 2023 ж. 3911 АШК-не шамамен 39,4 мың мүше тіркелген. Олардың 55%-ы үй шаруашылықтары, 44%-ы жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермерлік) қожалықтар, 1%-ы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (заңды тұлғалар) құрайды (1-сурет).



Сурет 1 – Ауыл шаруашылығы кооперативі мүшелерінің құрамы, % (2023 ж.)

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

1-суреттен көріп отырғанымыздай, АШК-і мүшелерінің басым бөлігін үй шаруашылықтары құрайды. Егер 2019 ж. олардың үлесі 52%-ды құраса, 2023 жылдың соңында 3%-ға артып, 55%-ға жетті. Көрсетілген кезеңдер аралығында АШК-нің санының артуына қарамастан, оның құрамындағы мүшелерінің саны азайған. АШК-нің құрамындағы үй шаруашылықтарының үлесі келесі жоғары облыстар: Маңғыстау (66,7%), Түркістан (49,8%), Жетісу (37,5%), Алматы (34,0%), Ақмола (31,1%) облыстары жатады. Мұндай шағын АШТӨ-і өнімдерді нарыққа жылжытуда (жеткізу тізбегіне қол жеткізу), халықаралық және отандық ірі аграрлық кәсіпорындармен бәсекелестікте, өндіріс ауқымын арттыруға байланысты қиындықтарды еңсеруде бірқатар қиындықтарға жиі тап болады. Нақтырақ айтқанда: өнімді жинау және тасымалдау кезіндегі жоғары шығындар, азық-түлік қауіпсіздігі бойынша жоғары тәуекелдер, өнімнің сапасының төмен болуы, аграрлық білім мен кеңес беру қызметтеріне қолжетімділіктің шектелуі болуы, несиелеу жүйесінің әлсіздігі және өңдеушілер мен шағын фермерлер арасындағы шектеулі тік интеграция секілді проблемалардың жиі кездеседі. Дамыған елдер тәжірибесі мұндай шағын ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өңделген өнімдерден гөрі шикізат өнімдерін сатуға бейім екенін және олардың заманауи нарыққа енуде кедергілердің жоғары екенін дәлелдейді.

Қазақстан 2019 жылдан бастап, шағын ауыл шаруашылық өндірушілерін АШК-не біріктіру шараларын нығайтты [17]. Нәтижесінде еліміздің бірқатар аймақтарында АШК-нің саны артты. 2023 жылдың соңында Республика бойынша жұмыс істеп тұрған АШК-нің саны 2019 жылмен салыстырғанда 37,7%-ға артты (1-кесте).

Кесте 1 – Республика бойынша жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны, бірлік

Қазақстан өңірлері	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	Ауытқу, % 2023/2019 жж.
Қазақстан Республикасы	2840	2919	3 147	3284	3911	137,7
Абай	-	-	-	186	202	-
Ақмола	287	284	277	263	227	79,1
Ақтөбе	180	181	187	207	237	131,7
Алматы	238	245	291	152	210	88,2
Атырау	21	19	17	19	29	138,1
Батыс Қазақстан	176	182	238	270	360	204,5
Жамбыл	181	253	298	363	399	220,4
Жетісу	-	-	-	152	167	-
Қарағанды	142	137	150	123	215	151,4
Қостанай	124	122	119	113	114	91,9
Қызылорда	192	183	161	146	216	112,5
Маңғыстау	19	24	30	26	46	242,1
Павлодар	118	108	107	110	159	134,7
Солтүстік Қазақстан	148	138	137	132	130	87,8
Түркістан	645	703	781	794	941	145,9
Ұлытау	-	-	-	20	20	-
Шығыс Қазақстан	312	283	275	107	134	42,9
Астана қаласы	3	5	7	8	8	266,7
Алматы қаласы	7	5	6	7	5	71,4
Шымкент қаласы	47	47	66	86	92	195,7
«-» – мәліметтер жоқ						
Ескертпе: [14] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.						

1-кесте деректерін ескеретін болсақ, 2023 ж. Республика бойынша жұмыс істеп тұрған АШК-нің саны 3911 бірлікті құрады. Жоғарыда көрсетілгендей, АШК-нің басым бөлігі Түркістан (941), Жамбыл (399), Батыс Қазақстан (360) облыстарында шоғырланған. Бұл облыстарда 2019–2023 жж. аралығында тұрақты өсім сақталған. 2023 жылды 2019 жылмен салыстырғанда АШК-нің саны – Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында екі еседен астам, ал Түркістан облысында 45,9 %-ға өскен.


Жамбыл облысы 2019 ж. мемлекеттің қолдауымен шағын ауыл шаруашылық нысандарын АШК-не біріктіру және оларды тиімді ұйымдастыру шараларын іске асыру мақсатында пилоттық жоба енгізді. Пилоттық жобаны бұл облыстан бастауға бірқатар факторлар негіз болды:

1) Жамбыл облысы халқының жалпы санындағы ауыл халқының жоғары үлесінің жоғары болуы (2019 ж. – 60,3%-ды құрады);

2) 2019 жылғы көрсеткіш бойынша Жамбыл облысында 678,4 мың ауыл тұрғыны тіркелген. Оның 150 мыңнан астам тұрғынында тұрақты табысы болмады, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыссыздар санатына жатады, 180 мыңға жуық тұрғын азды-көпті тұрақты табысқа ие;

3) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде, негізінен мал шаруашылығында (67%) жеке қосалқы шаруашылықтардың (бұдан әрі – ЖҚШ) үлес салмағының жоғары болуы, яғни ЖҚШ үлесі: малдың жалпы санында – 52,8%, сүт өндіру көлемінде – 76,5%, ет өндіруде – 51,4% [19]. Аталған артықшылықтар облыстың ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауарлы сипатқа ие екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, Жамбыл облысы бойынша кооперативтердің дамуын зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде жеке қосалқы шаруашылықтардың (ЖҚШ) табысы орташа есеппен айына 25–30 мың теңгені құрайды деп көрсетілген [20].

Осылайша Жамбыл облысында АШК-нің тұрақты өсімі сақталды және 2023 ж. 2019 жылмен салыстырғанда 120,4%-ға артты және пилоттық жобаны іске асыру өз нәтижелерін көрсетті (2-сурет).



Сурет 2 – Облыстардағы жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны (2023 ж.), бірлік

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.


Ескертпе: Жасыл түс – 2023 жылды 2019 жылмен салыстырғандағы АШК-нің өсімі байқалып отырған аймақтар, ал қызғылт түс – керісінше азайып отырған аймақтар. Сонымен қатар, көк түс – жаңа қосылған облыстар.

2-суреттен көріп отырғанымыздай, АШК ең көп шоғырланған аймақ, Түркістан облысы және Республика бойынша АШК-нің 24,1%-ды құрайды.

АШК-нің ең аз үлесі құрғақшылықтан зардап шеккен Маңғыстау (46); Атырау (29) облыстарында тіркелген. Бұл облыстар егін және мал шаруашылығы бойынша шығыны жоғары облыстар қатарына жатады. Соған қарамастан Маңғыстау облысында АШК-нің саны 2023 ж. 2019 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артқан. 2023 жылды 2022 жылмен салыстырғанда АШК-нің саны Ұлытау облысында тұрақты, ал Абай облысында 8,6%, Жетісу облысында 9,9%-ға артты.

Дегенмен, АШК-нің саны Республика бойынша бірқатар аймақтарда, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің ең ірі өндірушілері болып табылатын солтүстік өңірлерде: Ақмола облысында – 20,9%, Солтүстік Қазақстан облысында – 12,2%, Қостанай облысында – 8,1% және Алматы облысында – 11,8%, Шығыс Қазақстан облысында – 57,1%-ға (өте күрделі құбылыс) азайды. Бұл жағдайлар АШК-ін дамыту мен тиімді ұйымдастыру тетіктерін әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

Нәтижесінде АШК бойынша жұмыспен қамтылған қызметкерлерінің саны жылдан-жылға төмендеуде (3-сурет).



Сурет 3 – Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметкерлерінің саны, 2018–2023 жж.

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

3-суреттен көріп отырғанымыздай, 2018–2023 жж. аралығында АШК қызметкерлерінің санында тұрақты өсім сақталмады, керісінше 2022 жылға тұрақты деңгейде азайды. Атап айтқанда, пилоттық жоба басталғанға дейін, яғни 2018 ж. АШК қызметкерлерінің саны 8513 болды. Бір жылдың ішінде (2019 ж.) бұл көрсеткіш 12,1%-ға төмендеп, 7591 адамды құрады. Тек 2023 ж. 2022 жылмен салыстырғанда 1,5%-ға артты.

Талдау нәтижелерін қорытындылай келе, шағын ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооперативтерге бірігу белсенділігін төмендететін факторларды келесі аспектілерге бөліп көрсетуге болады:

Экономикалық мәселелер: кооператив жетекшісі және оның мүшелері арасындағы пайданы бөлу кезіндегі өзара ымыраға келе алмауы, өндірілген өнімді өткізу кезіндегі өндірушілер үлестерінің сақталмауы, кооперативтердің халықаралық стандарттарға сәйкес өнім шығару мүмкіндігінің шектеулі болуы.

Ұйымдастырушылық мәселелер: кооперацияның тиімсіз моделі, кооперативтерді басқару жүйесінің жетілдірілмегендігі, шағын шаруашылық иелерінің кооперативтердің артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы дұрыс ақпараттың болмауы, жеткілікті деңгейде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізбеу; ауылдық жерлерде адамдар арасында кооперативтерге деген сенімсіздіктің сақталуы.

Инфрақұрылымдық мәселелер: тиісті инфрақұрылымның болмауы, оның ішінде қойма, сақтау орындары, логистикалық орталықтардың жетіспеушілігі.

АШК-нің даму жағдайын сапалық тұрғыда зерделеу және ауыл тұрғындарының АШК-не бірігу уәдмесі мен белсенділігін және АШК-нің дамуы кезіндегі кедергілер мен ынталандырушы факторларды анықтау мақсатында ауыл шаруашылығы субъектілері мен ауыл тұрғындарына сауалнама жүргізілді. Сауалнама 5 түрлі аспектіні қамтитын 6 сұрақтан тұрады.

Сауалнаманың бірінші бөлімі респонденттердің жасы, жынысы, білімі және отбасылық жағдайы сияқты әлеуметтік-демографиялық құрамы туралы мәліметтер жинауға бағытталған. Бұл деректер әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтардың кооперация мәселелеріне қалай қарайтынын және олар үшін шешім қабылдауда қандай факторлар шешуші рөл атқаратынын талдау үшін қажет.

Сауалнаманың екінші бөлімі мотивациялық ынталандыруға қатысты: респонденттерден оларды АШК-ге кіруге итермелейтін себептер туралы сұралады. Мұнда экономикалық пайда, табыстың тұрақтылығы, міндеттерді ұжымдық шешу және жаңа ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігі сияқты аспектілерге назар аударылады.

Сауалнаманың үшінші бөлігі АШК қатысуына кедергі келтіруі мүмкін кедергілер мен кедергілерге назар аударады. Алдын ала зерттеу кезеңінде анықталған негізгі кедергілердің қатарында кооперация мүмкіндіктері туралы білімнің болмауы, ұжымдық басқару нысандарына

сенімсіздік, сондай-ақ мұндай бірлестіктердің тұрақтылығына қатысты аландаушылық бар. Сұрақтар АШК-не кірмеу туралы шешімге қандай қорқыныш пен алалаушылық әсер ететінін және бұл көзқарастарды не өзгерте алатынын түсінуге бағытталған.

Сауалнаманың төртінші бөлігі, мемлекеттік қолдау және АШК-нің ауыл тұрғындары үшін маңыздылығын насихаттау және түсіндіру бағытындағы ақпараттандыру сұрақтарын қамтиды. Респонденттер мемлекет қабылдаған шаралар туралы өз пікірлерін білдіре алады және АШК құру ауыл тұрғындарының жағдайларын жақсартуға қаншалықты пайдалы және жеткілікті деп санайтындығын бағалай алады. Сауалнаманың бұл бөлігі ауыл тұрғындары үшін ең маңызды болып табылады және мемлекеттік қолдауды күшейту бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін өте маңызды болуы мүмкін.

Сауалнаманың бесінші бөлігі АШК-нің қолданыстағы нысандары мен артықшылықтары туралы халықтың хабардарлық деңгейін және АШК-нің даму перспективаларын, респонденттердің оларға қатысуға дайындығын бағалауға көмектеседі. Респонденттер қолданыстағы АШК туралы, басқа ауыл шаруашылықтарының оң тәжірибесі туралы және ұжымдық шаруашылықтың жаңа түрлерін үйренуге қаншалықты дайын екендігі туралы сұрақтарға жауап береді. Бұл сұрақтар халықтың кооперацияға қатысты қаншалықты хабардар екенін және олардың хабардарлығын арттыру үшін қандай қадамдар жасауға болатынын бағалауға мүмкіндік береді.

2024 жылдың 4-тоқсанында (қазан, қараша және желтоқсан айлары) Жамбыл, Маңғыстау, Атырау облыстарының бірнеше аудандары бойынша үй шаруашылықтары иелері, фермерлік шаруашылықтардың жетекшілері және ауыл тұрғындары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама аталған өңірлерінде кооперативтерді құру және дамыту, олардың жұмыс істеуі кезіндегі кедергілерді және ынталандырушы факторларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл сауалнама кооперативтер дамуының барлық аспектілерін қамтитын 6 сұрақтан тұрады. Сауалнамаға 120 адам қатысты. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде ауыл тұрғындарының АШК-не бірігу уәждемесі мен белсенділігіне әсер ететін факторларға кешенді талдау жасалды. Сұрақтар кешенді тәсілді ескере отырып тұжырымдалды. Жалпы, сауалнама респонденттердің демографиялық сипаттамаларына, олардың білім деңгейіне, еңбек қызметіне, сондай-ақ олардың кооперацияға деген көзқарасына және АШК-не қатысудың ықтимал пайдасын қабылдауға қатысты мәселелерді қамтыды (2-кесте).

2-кестеде көрсетілгендей, жалпы сауалнамаға қатысқандардың 60%-ы орта білімді тұлғаларды құрайды және оның 70%-ы өзін-өзі жұмыспен қамтыған үй шаруашылығы қызметкерлеріне жатады. 50% респонденттер – мемлекеттік қолдау АШК-не бірігуге негіз болатын басты фактор деп есептейді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 28%-ы табысты бөлу мен өнімді өткізу кезіндегі сенімсіздікті көрсетіп отыр, ал 25%-ы жоғары тәуекелдердің болуы (ауа райы жағдайы, өнімді өткізу проблемалары, техникаларды сатып алу және т.б.), 20%-ы қаржылық қолдаудың басқа шаруашылық нысандардан (шаруа немесе фермерлік қожалықтар) айырмашылықтың болмауы секілді факторлар АШК дамуын тежейтін факторлар болуы мүмкін екенін көрсетті.

Кесте 2 – Жамбыл, Маңғыстау, Атырау облыстарының АШК-нің даму жағдайы мен проблемаларын анықтау және дамыту тетіктерін нығайту мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері, %

Сауалнама сұрақтары	Сауалнама сұрақтарының жауаптары	Сауалнаманың қорытынды нәтижелері, %
Білім деңгейі, оның ішінде	орта	60
	жоғары	40
Негізгі қызмет бағыты, оның ішінде	өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үй шаруашылығы қызметкерлері	70
	дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермерлік қожалықтар	30

2-кестенің жалғасы

АШК-ға кіруге негіз болатын негізгі факторлар, оның ішінде	жоғары табысқа қол жеткізу	30
	ресурстарға қол жеткізуді жеңілдету (техника, тыңайтқыш, басқа да материалдар)	20
	мемлекетті қолдау	50
АШК дамуын тежейтін факторлар, оның ішінде	АШК-і туралы насихат жұмыстарының жетіспеушілігі	17
	серіктестерге сенімсіздік	28
	тиімсіз басқару	10
	жоғары тәуекелдер	25
	қаржылық қолдаудың басқа шаруашылық нысандардан (шаруа немесе фермерлік қожалықтар) айырмашылықтың болмауы	20
АШК-ға бірігуге мотивацияны жақсартатын шаралар, оның ішінде:	мемлекеттік субсидияны ұлғайту	40
	оқыту және қолдау бағдарламалары	25
	ауылдық жерлерде инфрақұрылымды жақсарту	10
	ақпараттандыру деңгейін арттыру	25
АШК-нің даму перспективалары, оның ішінде	өте перспективалы	25
	орташа перспективалы	50
	перспективасы байқалмайды	25
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.		

Респонденттердің 40%-ы мемлекеттік субсидияны ұлғайту, 25%-ы оқыту және қолдау бағдарламалары мен АШК-нің рөлі туралы ақпараттандыру деңгейін арттыру қажет екенін көрсетті және бұл факторлар АШК-не бірігуге мотивацияны жақсартатын шаралар екені анықталды. Респонденттердің 50%-ы қазіргі кезде АШК-нің дамуы орташа перспективалы екенін көрсетті.

Талдау және сауалнама нәтижелерін ескеретін болсақ, АШК-і ауыл тұрғындарының табысын арттыру, ауылдық аймақтардың экономикасын дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Бірақ, АШК-нің санының артуына қарамастан, оның құрамына кіретін мүшелері мен ондағы қызметкер саны жылдан-жылға азайып отыр. Демек, еліміздегі АШК-нің дамуы әлі күнге дейін баяу және бірқалыпты тұрақты өсім байқалмайды. Нақтырақ айтқанда, АШК-і еліміздің ауылдық аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді, оның ішінде: ауыл тұрғындарының табысын арттыру, импорттық өнімдерге тәуелділікті азайту, азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, ауыл халқының депопуляциясын азайту, ауылдық аймақтардағы инфрақұрылымды дамыту және т.б. мәселелерді шешуге әлсіздік танытуда. Жоғарыда көрсетілгендей, сауалнама нәтижесі АШК-нің дамуына кері әсер етіп отырған бірқатар жағдайларды анықтады, олар:

- ♦ АШК-і құрамындағы мүшелерінің табысты бөлу кезіндегі өзара ортақ келісімге келе алмауы, өзара сенімсіздік пен келіспеушілік фактілері;
- ♦ АШК-ін қызықтыратын және басқа шаруашылық субъектілерімен салыстырғанда басымдылық беретін арнайы шарттарының болмауы;
- ♦ АШК-ін қаржылай немесе техникалық жағынан қолдау жобалары мен бағдарламаларындағы шарттардың жиі өзгеруі, оның ішінде ауыл шаруашылығы техникаларын субсидиялау шарттарының жиі өзгеруі;
- ♦ аграрлық білім мен кеңес беру қызметтеріне қол жетімділіктің төмен болуы;
- ♦ ауыл тұрғындарына, шағын шаруашылық нысандармен үй шаруашылықтарына АШК-і туралы насихат жұмыстарының жоғары деңгейде өткізілмеуі және кооператив басшылары мен мамандарының кәсіби даярлығының төмен болуы және т.б.

Қорытынды

АШК-нің ағымдағы жағдайы мен оның дамуына кедергі болып отырған проблемаларды, сондай-ақ, сауалнама нәтижесін ескере отырып, АШК-ін дамыту үшін мемлекет ұйымдас-тырушылық-басқарушылық тетіктерін нығайтуға бағытталған шараларға баса назар аударуы қажет деп есептейміз, нақтырақ айтқанда:

1. Еліміздің барлық өңірлеріндегі АШК-нің жұмыс нәтижелеріне терең зерттеу жүргізу, «жалған» және «жасанды» АШК-ін ауыл шаруашылығы нарығынан тазарту арқылы мамандандырылған (техникалық қамтамасыз ету, қайта өңдеу, маркетинг, жеткізу, қызмет көрсету) АШК-ін дамыту және оның тұрақты дамуы үшін мемлекет тарапынан қолдау жасауды қолға алған жөн. Сонымен қатар, АШК есебінен өндірілген өнімдерді сақтандыру және салық жеңілдіктерін жасау қажет.

2. АШК-ін әртараптандыру, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту үшін АШК-нің жұмыс процессінде құн тізбегіндегі шектеулерді азайту (өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, маркетинг, өткізу) және ауылшаруашылық емес жұмыс түрлерін арттырудың маңызды.

3. АШК жетекшілері мен мүшелерін құқықтық қолдау және кәсіби деңгейін арттыру, ауыл шаруашылығының басқа ұйымдық-құқықтық нысандарымен салыстырғанда АШК-іне субсидиялау шарттары бойынша айрықша басымдылық беру.

4. Еліміздегі аймақтардың мамандану деңгейі мен ауыл тұрғындарының үлесін ескере отырып, әрбір ауданда немесе перспективалы деп саналатын ауылдық округтерде АШК-ін дамытудың үйлестіруші орталықтарын құру.

Аталған тетіктер арқылы мемлекет АШК туралы заңдар мен оны қолдау бағдарламаларының нәтижелі болуын қамтамасыз ете алады. Бұл орталықтар, жергілікті тұрғындар мен кәсіпкерлер арасында өзара сенімді арттырып, жергілікті басқарушы органдардың рөлін нығайтады және ауылдық аймақтардың дамуы үшін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті арттырады.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің №АР 23486198 «Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытудың ұйымдастырушылық-басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық тетіктерін зерделеу және олардың Қазақстанның ауыл халқының табысын, өмір сүру сапасын арттыруға әсерін бағалау» гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді. Зерттеуді қаржыландырған ҚР ҒЖЖБМ ҒК және зерттеуге қолдау көрсеткен Жамбыл, Маңғыстау, Атырау облыстарының әкімдігіне алғыс білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Liu Y., Garnevskaya E., Shadbolt N. Organizational structures of agriculture cooperatives in China: Evidence from the green vegetable sector // Journal of Co-operative Organization and Management. 2024. No. 12. Issue 2. P. 1–13. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jcom.2024.100246>. (accessed: 20.11.2024)

2 Cooperatives: A key factor in eradicating hunger and fostering a sustainable future // FAO Regional Office for Latin America and the Caribbean. 2024. URL: <https://www.fao.org/americas/opinion/detail/cooperativas-un-factor-clave/en>. (accessed: 21.11.2024)

3 The State of Food Security and Nutrition in the World. 2024. URL: <https://www.wfp.org/publications/state-food-security-and-nutrition-world-sofi-report> (accessed: 25.11.2024)

4 UN General Assembly announces launch of the 2025 International Year of Cooperatives. Department of Economic and Social Affairs. 2024. URL: <https://www.un.org/en/desa/cooperatives-launch-2025-international-year> (accessed: 26.11.2024)

5 Закон РК «О сельскохозяйственных кооперативах» от 29 октября 2015 года № 372-V ЗРК. – 2015. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000372> (дата обращения: 28.11.2024)

6 Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023–2027 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года, № 270. – 2023. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270> (дата обращения: 29.11.2024)

7 Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2021 года, № 960. – 2021. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (дата обращения: 30.11.2024)

8 Комплексный план по развитию переработки сельскохозяйственной продукции на 2024–2028 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 июня 2024 года, № 512. – 2021. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000512> (дата обращения: 30.11.2024)

- 9 Кабжалылова М., Калдаров С., Ахмедьярова А. Почему сельскохозяйственные кооперативы не распространены в Казахстане? АО «Halyk Finance», АО «Народный банк Казахстана». – 2024. URL: https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac_agrico.pdf.
- 10 Lipatova N.N., Mamai O.V., Mamai I.N., Gazizyanova Y.Y., Galenko N.N. Agricultural cooperation as a factor in sustainable rural development // IOP Conference Series: Earth & Environmental Science. 2022. Vol. 745. P. 1–7.
- 11 Siregar A.P., O'Donoghue C., Whay B. Agricultural Co-operatives in Four Asian Countries: A Review of Institutional History. Reviews in Agricultural Science. 2024. URL: https://doi.org/10.7831/ras.12.0_24
- 12 Porter G., Phillips-Howard K. Comparing contracts: An evaluation of contract farming schemes in Africa // World Development. 1997. Vol. 25(2). P. 227–238.
- 13 OECD-FAO Agricultural Outlook 2023–2032. Food and Agriculture Organization of the United Nations. 2023. URL: <https://www.fao.org/3/-cc6361en/cc6361en.pdf>.
- 14 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. 2024. URL: <https://stat.gov.kz> (өтініш берілген күн: 30.12.2024)
- 15 Женсхан Д., Әлипбеки О.Ә., Бодаухан К. Вопросы занятости и доходов сельских жителей Республики Казахстан: роль кооперации // Проблемы агорынка. – 2023. – № 3. – С. 202–210. doi: 10.46666/2023-3.2708-9991.20.
- 16 Wati R., Tan F., Games D., Ridwan E. SMEs Strategies to Improve the Competitiveness of Dairy Products in West Sumatra Province // American Journal of Animal and Veterinary Sciences. Indonesia. 2023. URL: <https://doi.org/10.3844/ajavsp.2023.139.146> (дата обращения: 01.12.2024)
- 17 Официальный сайт АО «Социально-предпринимательская корпорация «КОКСНЕ». Проект «Ауыл аманаты». 2023. URL: <https://www.spkkokshe.kz/proekt-auyl-amanaty> (дата обращения: 01.12.2024)
- 18 Департамент Бюро национальной статистики по Жамбылской области. 2022. URL: <https://www.stat.gov.kz/region/-255577?lang=ru>. (дата обращения: 01.12.2024)
- 19 Акимбекова Г.У., Баймуханов А.Б., Каскабаев У.Р. Объединение фермеров в сельхозкооперативы с целью эффективного использования земельных, водных и других ресурсов села // Проблемы агорынка. – 2021. – № 4. – С. 185–199.

REFERENCES

- 1 Liu Y., Garnevskaja E., Shadbolt N. (2024) Organizational structures of agriculture cooperatives in China: Evidence from the green vegetable sector // Journal of Co-operative Organization and Management. No. 12. Issue 2. P. 1–13. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jcom.2024.100246>. (accessed: 20.11.2024). (In English).
- 2 Cooperatives: A key factor in eradicating hunger and fostering a sustainable future // FAO Regional Office for Latin America and the Caribbean. 2024. URL: <https://www.fao.org/americas/opinion/detail/cooperativas-un-factor-clave/en>. (accessed: 21.11.2024). (In English).
- 3 The State of Food Security and Nutrition in the World. 2024. URL: <https://www.wfp.org/publications/state-food-security-and-nutrition-world-sofi-report> (accessed: 25.11.2024). (In English).
- 4 UN General Assembly announces launch of the 2025 International Year of Cooperatives. Department of Economic and Social Affairs. 2024. URL: <https://www.un.org/en/desa/cooperatives-launch-2025-international-year> (accessed: 26.11.2024). (In English).
- 5 Закон РК «О сельскохозяйственных кооперативах» от 29 октября 2015 года No. 372-V ZRK. 2015. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000372> (дата обращения: 28.11.2024). (In Russian).
- 6 Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023–2027 годы. Постановление Правительству Республики Казахстан от 28 марта 2023 года, No. 270. 2023. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270> (дата обращения: 29.11.2024). (In Russian).
- 7 Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы. Постановление Правительству Республики Казахстан от 30 декабря 2021 года, No. 960. 2021. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (дата обращения: 30.11.2024). (In Russian).
- 8 Комплексный план по развитию переработки сельскохозяйственной продукции на 2024–2028 годы. Постановление Правительству Республики Казахстан от 28 июня 2024 года, No. 512. 2021. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000512> (дата обращения: 30.11.2024). (In Russian).
- 9 Kabzhaljalova M., Kaldarov S., Ahmed'jarova A. (2024) Pochemu sel'skhozajstvennye kooperativy ne rasprostraneny v Kazahstane? АО «Halyk Finance», АО «Narodnyj bank Kazahstana». URL: https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac_agrico.pdf. (In Russian).
- 10 Lipatova N.N., Mamai O.V., Mamai I.N., Gazizyanova Y.Y., Galenko N.N. (2022) Agricultural cooperation as a factor in sustainable rural development // IOP Conference Series: Earth & Environmental Science. Vol. 745. P. 1–7. (In English).

- 11 Siregar A.P., O'Donoghue C., Whay B. (2024) Agricultural Co-operatives in Four Asian Countries: A Review of Institutional History. *Reviews in Agricultural Science*. URL: https://doi.org/10.7831/ras.12.0_24. (In English).
- 12 Porter G., Phillips-Howard K. (1997) Comparing contracts: An evaluation of contract farming schemes in Africa // *World Development*. Vol. 25(2). P. 227–238. (In English).
- 13 OECD-FAO Agricultural Outlook 2023–2032. Food and Agriculture Organization of the United Nations. 2023. URL: <https://www.fao.org/3/cc6361en/cc6361en.pdf>. (In English).
- 14 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttığınıń Ūlttyq statistika bürosy. 2024. URL: <https://stat.gov.kz> (ötiniş berilgen kün: 30.12.2024). (In Kazakh).
- 15 Zhenshan D., Əlipbeki O.Ə., Bodauhan K. (2023) Voprosy zanjatosti i dohodov sel'skih zhitelej Respubliki Kazahstan: rol' kooperacii // *Problemy agrorynka*. No. 3. P. 202–210. doi: 10.46666/2023-3.2708-9991.20. (In Russian).
- 16 Wati R., Tan F., Games D., Ridwan E. (2023) SMEs Strategies to Improve the Competitiveness of Dairy Products in West Sumatra Province // *American Journal of Animal and Veterinary Sciences*. Indonesia. URL: <https://doi.org/10.3844/ajavsp.2023.139.146> (data obrashhenija: 01.12.2024). (In English).
- 17 Oficial'nyj sajt AO «Social'no-predprinimatel'skaja korporacija «KOKSHE». Proekt «Auyl amanaty». 2023. URL: <https://www.spkkokshe.kz/proekt-auyl-amanaty> (data obrashhenija: 01.12.2024). (In Russian).
- 18 Departament Bjuro nacional'noj statistiki po Zhambylskoj oblasti. 2022. URL: <https://www.stat.gov.kz/region/-255577?lang=ru>. (data obrashhenija: 01.12.2024). (In Russian).
- 19 Akimbekova G.U., Bajmuhanov A.B., Kaskabaev U.R. (2021) Ob#edinenie fermerov v sel'hozkooperativy s cel'ju jeffektivnogo ispol'zovaniya zemel'nyh, vodnyh i drugih resursov sela // *Problemy agrorynka*. No. 4. P. 185–199. (In Russian).

ЖЕНСХАН Д.,^{1*}

к.э.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

МУСАЕВА М.А.,¹

к.э.н., ст. научный сотрудник.

e-mail: m.a.mussayeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-3301-8736

САБЫРОВА М.Е.,¹

к.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: madina.sabyrova@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-7102-5158

АЛИМЖАНОВА Г.Д.,¹

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: agd_85@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7039-9884

¹Казахский агротехнический

университет им. С. Сейфуллина,

г. Астана, Казахстан

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ КООПЕРАТИВЫ В КАЗАХСТАНЕ: СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ И МЕХАНИЗМЫ РАЗВИТИЯ

Аннотация

Немаловажную роль в решении и урегулировании проблем агропродовольственного сектора, таких как решение вопросов голода и недоедания, занятость сельского населения, укрепление местного самоуправления, снижение асимметрии власти и содействие государственно-частному партнерству, играют сельскохозяйственные кооперативы (далее – СХК). Цель статьи – выявить основные проблемы и предложить механизмы урегулирования с помощью комплексного анализа современного состояния развития СХК в Казахстане. В статье проведен анализ численности, состава членов и динамических изменений СХК в регионах республики. В целях качественного изучения состояния развития СХК проведен опрос, который позволил выявить уровень мотивации и активности сельского населения к объединению в СХК. В результате выявлен ряд проблем, сдерживающих развитие СХК, в том числе: частое изменение условий, указанных в рамках программ поддержки СХК, проблема распределения доходов между членами СХК, взаимное недоверие, отсутствие мотивации крестьянских или фермерских хозяйств, домашних хозяйств к объединению в СХК, недостаточ-

ное аграрное образование, отсутствие доступа к консультационным услугам, отсутствие продуктивного диалога и эффективной интеграции между переработчиками и мелкими фермерами при реализации продукции, недостаточная профессиональная подготовка руководителей и специалистов кооперативов и др. Подводя итоги исследования, авторы доказали, что в настоящее время Казахстану необходимо уделять приоритетное внимание специализированным СХК, а именно: развивать направления технического обеспечения, переработки, маркетинга, доставки, обслуживания; создавать страховые и налоговые льготы для СХК; повышать профессиональный уровень руководителей и специалистов кооперативов; совершенствовать условия субсидирования СХК по сравнению с другими формами хозяйства.

Ключевые слова: сельскохозяйственные кооперативы, сельские жители, крестьянские хозяйства, фермерские хозяйства, домашние хозяйства, мотивация, активность объединения, субсидии.

ZHENSHAN D.,*¹

c.e.s., associate professor.

*e-mail: azan_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

MUSAYEVA M.A.,¹

c.e.s., senior lecturer.

e-mail: m.a.mussayeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-3301-8736

SABYROVA M.YE.,¹

c.e.s., senior lecturer.

e-mail: vip_baxa98@mail.ru

ORCID ID: 0009-0008-3976-4880

ALIMZHANOVA G.D.,¹

master of economics, senior lecturer.

e-mail: agd_85@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7039-9884

¹S. Seifullin Kazakh Agro-technical
Research University,
Astana, Kazakhstan.

AGRICULTURAL COOPERATIVES IN KAZAKHSTAN: STATE, PROBLEMS AND DEVELOPMENT MECHANISMS

Abstract

Agricultural cooperatives (hereinafter referred to as AC) play an important role in solving and resolving the problems of the agri-food sector, such as hunger and malnutrition, rural employment, strengthening local self-government, reducing power asymmetry and promoting public-private partnerships. The purpose of the article is to identify the main problems and propose settlement mechanisms through a comprehensive analysis of the current state of AC development in Kazakhstan. The article analyzes the number, membership and dynamic changes of AC in the regions of the republic. In order to qualitatively study the state of development of AC, a survey was conducted to identify the level of motivation and activity of the rural population to join AC. As a result, a number of problems were identified that hinder the development of AC, including: frequent changes in the conditions specified in the framework of AC support programs, the problem of income distribution among members of AC, mutual distrust, lack of motivation for peasant or farm farms, households joining AC, insufficient agricultural education, lack of access to consulting services services, lack of productive dialogue and effective integration between processors and small farmers in the sale of products, insufficient professional training of managers and specialists of cooperatives, etc. Summing up the results of the study, we proved that currently Kazakhstan needs to give priority attention to specialized AC, namely: to develop areas of technical support, processing, marketing, delivery, maintenance, create insurance and tax benefits for AC, improve the professional level of managers and specialists of cooperatives, improve the conditions for subsidizing AC compared to other forms of farming.

Key words: agricultural co-operatives, rural residents, peasant households, farms, households, motivation, association activity, subsidies.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.01.2025